

*Гүлназ Қалиаскарова<sup>1</sup>, Қарғаш Жанпейісова<sup>2</sup>, Марина Онучко<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
«Саясаттану» кафедрасының докторанты,  
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)  
e-mail: gulnaz.ciom@mail.ru*

*<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің «Саясаттану» кафедрасының  
доценті, саяси ғылымдарының кандидаты,  
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)  
e-mail: zhanpeisova73@mail.ru*

*<sup>3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің «Саясаттану» кафедрасының  
профессоры, саяси ғылымдарының кандидаты,  
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)  
e-mail: onuchko@mail.ru*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕГІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МИГРАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ: РЕТТЕЛУ ЖОЛДАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Жаһандану жағдайында әлемнің барлық елдері үшін интеллектуалды миграция маңызды процесс болып табылады. Қазақстан Республикасы осы процестің субъектісі ретінде аталған мәселеден тыс қала алмайды. Елдегі қазіргі таңда интеллектуалды жастардың шетелге ағыны күн санап артуда. Мақалада интеллектуалды миграцияны реттеудің шетелдік тәжірибесін талдай отырып, ақыл-ой айналымы, оның реттелу жолдары талданып, біздің елден шетелге кеткен білімді мамандарды тартудың жолдары қарастырылады. Сонымен бірге, Қазақстандағы интеллектуалды миграция процесінің негізгі проблемасын анықтайтын факторлары мен мәселелері, елдің ақыл-ой ағыны ахуалының ұлттық дамуға әсері және білімді жастардың миграциялық көңіл-күйі және оның миграциялық процестерге әсері талданады. Елдегі адами капиталды дамыту аясында интеллектуалды миграцияны тежеуге болатыны туралы қорытынды жасалады. Зерттеудің нәтижесі ретінде мектеп бітірген жас ақыл-ойдың шетелге

---

кету мәселелері бойынша сауалнама негізінде ұсынылған гипотеза тексеріліп, талданып, нәтижесінде отандық ақыл-ой орталықтарын құру мен жетілдіру, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми, кәсіби тұрғыда қолдаулар қажеттілігі мәселені шешудің кейбір мүмкіндіктері ретінде ұсынылды.

***Түйін сөздер:** интеллектуалды миграция, адами капитал, жастар, ғылыми-техникалық, жоғары білікті мамандар, статистика, ғалымдар, мемлекет, инновация.*

---

## **Гульназ Калиаскарова, Каргаш Жанпейсова, Марина Онучко ВОПРОСЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ МИГРАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И ЗА РУБЕЖОМ: СПОСОБЫ И ОСОБЕННОСТИ РЕГУЛИРОВАНИЯ**

**Аннотация.** В условиях глобализации интеллектуальная миграция - важный процесс для всех стран мира. В отечественной и зарубежной политической науке интеллектуальная миграция рассматривается с позиций оценки ее последствий как для отдающих, так и принимающих стран. Республика Казахстан как субъект этого процесса не может оставаться в стороне от этого вопроса. В настоящее время поток интеллектуальной молодежи за границу растет. В статье анализируется зарубежный опыт регулирования интеллектуальной миграции, и их способы регулирования циркуляции умов, а также рассматриваются способы привлечения образованных специалистов и талантливых молодежи уехавших из нашей страны. Рассматриваются факторы и проблемы, которые определяют основные проблемы процесса интеллектуальной миграции в Казахстане, влияние на национальное развитие и миграционные настроения образованной молодежи и его влияние на миграционные процессы. В результате проведения анкеты выпускникам обучающихся за рубежом, была проверена и проанализирована предложенная гипотеза, в результате сделан вывод, что необходимо создать и совершенствовать отечественные аналитические центры, и поддержать талантливую молодежь экономическом, социальном, научном и профессиональном плане.

***Ключевые слова:** интеллектуальная миграция, человеческий капитал, молодежь, наука и технологии, высококвалифицированные специалисты, статистика, ученые, правительство, инновации.*

**Gulnaz Kaliaskarova, Kargach Zhanpeisova, Marina Onuchko**  
**ISSUES OF INTELLECTUAL MIGRATION IN THE REPUBLIC  
OF KAZAKHSTAN AND ABROAD: METHODS AND FEATURES  
OF REGULATION**

**Abstract.** In the context of globalization, intellectual migration is an important process for all countries of the world. In domestic and foreign political science, intellectual migration is considered from the standpoint of assessing its consequences for both sending and receiving countries. The Republic of Kazakhstan as a subject of this process cannot remain aloof from this issue. Currently, the flow of intellectual youth abroad is growing. The article analyzes the foreign experience of regulating intellectual migration, and their ways of regulating the circulation of minds, and also examines the ways to attract educated specialists and talented young people who left our country. The factors and problems that determine the main problems of the process of intellectual migration in Kazakhstan, the impact on the national development and migration attitudes of educated youth and its impact on migration processes are considered. As a result of conducting a questionnaire for graduates studying abroad, the proposed hypothesis was tested and analyzed, as a result, it was concluded that it is necessary to create and improve domestic analytical centers, and to support talented youth in economic, social, scientific and professional terms.

**Keywords:** *intellectual migration, human capital, youth, science and technology, highly qualified specialists, statisticians, scientists, government, innovation.*

### **Кіріспе**

Бүгінгі таңда барлық дамыған елдерде орын алып отырған жағдай ғылыми-техникалық мамандардың тапшылығы және шетелдік ғалымдар, жоғары білікті мамандар мен талантты жастар үшін күрестің артуы мемлекеттің ұлттық және ақыл-ой қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шешуші факторлардың бірі интеллектуалды көші-қон болып саналады. Ғылыми мақалада шет елдер иммиграциялық және визалық саясатты экономикалық дамудың қажеттіліктеріне бейімдей отырып, жоғары білікті жұмыс күші нарығын реттеудің түрлі тетіктерін қолданатыны нақты мәліметтер бойынша негізделді. Мемлекет тарапынан бұл процестерге тиісті назар аударылмаған жағдайда неғұрлым білімді және болашағы бар

---

кадрлардың ауқымды эмиграциясы елдің адами және зияткерлік капиталының кедейленуіне әкелетіні, ол экономикалық өсудің келешегіне кері әсер ететіні белгілі. Бұл әсіресе білімге негізделген инновациялық экономика құру міндеті тұрған Қазақстанға қатысты, ол білім мен ғылымға инвестиция салумен бірге, білікті адами капиталды - еңбек ресурстарын дамытуды қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдардан бергі интеллектуалды ресурстарын жоғалту проблемалары, себебі мен интеллектуалды миграция бағыты оның ұлттық қауіпсіздікке ықпалын талдай отырып, шетелдік интеллектуалды миграция айналымын құқықтық реттеу жолдарын қарастырып, күрделі мәселенің шешілу жолдарын іздеуге тырысу болып табылады. Елдің ақыл-ой ағыны қарқыны саяси ғылым тарапынан зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе ретінде талданып, баға беріледі. Өйткені, қазіргі әлемде интеллектуалды кадрлар капиталы елдің экономикалық, саяси, әлеуметтік, ғылыми байлығының негізін құрайды. Сол себепті, аталған капиталды сақтау, оны сырттан тарту – кез-келген елдің дамуындағы басымдық болып табылады. Зерттеудің тексерілетін гипотезасы - қазіргі жаһандық ақпараттың ағыны күшті дамыған әлемнің субъектісі ретінде Қазақстанның интеллектуалды миграция қатынастарын реттеудің методологиясы ретінде шетелдік интеллектуалды миграцияны реттеу жолдарын зерттеу арқылы белгілі бір практикалық қадамдар жасау мүмкіндігі ұсынылады. Сонымен бірге қазіргі Қазақстанның білім миграциясының динамикасы әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы елдерінде білім алып жатқан жастардан алынған сауалнама мен статистикалық мәліметтеріне сүйеніп талданады. Осы ғылыми мақалада Қазақстан Республикасының ақыл-ой ағыны мәселесі эмпирикалық әдістермен талданып, нәтижесінде ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар алынады.

### **Ғылыми зерттеудің әдіснамасы**

Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде Ұлттық экономика министрлігі, статистика комитетінің мәліметтері талданып, зерттеу гипотезасын нақты фактілермен дәлелдеу мақсатында шетелде білім алып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарынан сауалнама алынды.

### **Негізгі бөлім**

Интеллектуалды миграция проблемасы зерттеушілер назарын аударуы кездейсоқ емес. Өйткені жаһандану жағдайында кез-

келген мемлекеттің миграция мәселесіне қатысы бар. Егер екінші дүниежүзілік соғыстың алдында көптеген ғылыми жұмыстар халықаралық миграцияға арналса, қазіргі заманда әлемдік күрделі процеске байланысты интеллектуалды миграция факторлары мен тетіктерін зерттеу қажеттілігі өзекті болып отыр. Әсіресе қазақстандық интеллектуалды миграция ағынына қатысты мәселелер ғылыми тұрғыдан көбірек талдауды қажет етеді. Ол үшін ең алдымен жалпы осы саланы зерттеген ғалымдарды атасақ, ақыл ой миграциясы процестерін зерттеудің тұжырымдамалық негіздерін әр уақытта өз еңбектерінде И.Кант, Э.Равенштейн, Р. Парк, Л.Дарский, В.Зелинский, Г.Симмель, Дж.Кларк, Дж.А. Зайончковская, В.И. Переведенцев, В.А. Ионцев, Л.Л. Рыбаковский, Т.Н. Юдина және басқалар қарастырған.

Ал Э.Дюркгейм, К.Маркс, Л.Косинский, М.Протеро, К.Каммейер және Х.Джин, Дж.Треварт, Л.Л. Рыбаковский, В.А. Ионцева, В.И. Добренкова, Т.Н. Юдина, Д.Н. Кулешова өз зерттеулерін миграция процестерінің типологиясын талдауға арнаған.

Еліміздің интеллектуалды миграция айналымы мәселелерін зерттеуге үлес қосқан Э.Ю.Садовская өз кезегінде миграция «Тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты ішкі және мемлекетаралық реттеуді қажет ететін мемлекеттік шекаралар арқылы халықтың қозғалысы» деген тұжырымды айтады [1, 92].

Еліміздің ақыл-ой миграциясының мәселелерін зерттеуге өз жұмыстарын арнап жүрген отандық зерттеушілер А.Рамазанов, И.Черных және Р.Бурнашев және т.б. Қазіргі әлемде мигранттарды тауар ретінде қарастырып, көші-қонды қауіп емес, табиғи процесс дей отырып, дегенмен ақылды жастардың елден кетуіне алаңдаушылық білдіреді [2].

Сондықтан, еліміздің интеллектуалды миграциялық жағдайын жан-жақты зерттеу қажеттілігі болашақтағы елдің адам капиталы қоры мәселелерінің алдын-алу мүмкіндігі.

### **Интеллектуалды миграцияны реттеудің шетелдік тәжірибесі**

Қазіргі әлемнің жаһандану жағдайында экономиканың инновациялық дамуы интеллектуалды ресурстардың әлемдік нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарды анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Жаңа ғасырдың адамзат алдындағы ерекшелігі дамыған елдердің барлығында ұлттық ғылыми-техникалық кадрлар тапшылығын күшейтіп, шетелдік ақыл-ой мен таланттар үшін күресте интеллектуалды көші-қон

---

проблемасын өте өзекті етті. Интеллектуалды миграция айналымына ғалымдар, университет оқытушылары, халықаралық ұйымдардың сарапшылары, ТҰК қызметкерлері және басқа санаттағы жоғары білікті мамандар, сондай-ақ студенттер қатысады.

Тұтастай алғанда, соңғы онжылдықтарда айтарлықтай күшейе түскен халықтың қозғалысында интеллектуалды көші-қон ағындары ерекше динамизммен ерекшеленеді. Дамушы елдерден эмиграцияның қарқыны ерекше әсер қалдырады.

Бүгінгі таңда ғаламдану процесіне байланысты интеллектуалды миграция мәселесі әлемнің кез-келген елдеріне қатысты. Сондықтан, әрбір ел бұл мәселені мемлекеттің экономикалық, саяси, әлеуметтік деңгейіне байланысты шешуге және құқықтық негізде реттеуге талпынуда. Студенттер, ғалымдар мен білікті мамандар легі экономикалық дамыған елдерге жылжи бастады, онда шетелдік азаматтардың осы санаттары үшін көші-қон және еңбек заңнамасы жеңілдетіліп, білім беру мигранттары мен білікті мамандарды тарту механизмдері қолданыла бастады.

Егер 1980-1990 жылдар аралығында Еуропа мемлекеттерінің көші-қон саласындағы саясаты шектеулі болса, 2000 жылдардың басынан Еуропалық Одақтың көптеген елдері демографиялық қиындықтарға және білікті жұмысшыларға деген қажеттіліктің артуына жауап ретінде өз заңнамаларын уақыт талабына сәйкестендіріп, икемдеуге тырысты.

Атап айтатын болсақ, Германияда 2000 жылдың 1 қаңтарында Азаматтық және шетелдіктер туралы Заңдарға түзетулер енгізіліп, ЕО-ға мүше емес елдерден жоғары білікті мигранттардың келуіне жағдай жасалды. Компьютерлік технологиялар саласында жұмыс істейтін жоғары білікті мамандар үшін елде тұруға мүмкіндік алудың оңайлатылған тәртібі жасалса, керісінше, біліктілігі төмен шетелдіктер мен жұмысшылар үшін Германияға кіру ережелері күшейтілді.

2013 жылдың 1 шілдесінен бастап елде ЕО-дан тыс тұратын шетелдік мамандарды жұмысқа орналастыру рәсімі жеңілдетілді. Германияның жоғары оқу орындарының дипломын иемденген азаматтарға квалификациясы туралы құжатын пошта арқылы немесе интернет арқылы жасау құқығы берілді. Германияда жаңа иммиграциялық құқықтық ережелерге байланысты жұмысқа орналасу құқығына жоғары білікті білімі бар адамдар яғни, техниктер, механиктер, медбикелер сияқты мамандар басымдыққа ие [3, 197].

Еуропалық Комиссия 2007 жылы дамушы елдерден жоғары білікті мамандардың келуін қамтамасыз ету үшін көк карта енгізіле бастады. Жоғары білікті мамандарға арналған Еуропалық Одаққа мүше елдерде орташа жалақыдан 1,5 есе жоғары жалақы белгіленді. Осы мақсатта білікті кадрларды тарту мақсатында экономикалық және әкімшілік талаптар ыңғайландырылы. Яғни, иммиграциялық квоталар, балдық жүйеге сәйкес таңдау. Атап айтқанда, Ұлыбританияда шетелдік жоғары білікті мамандарды таңдауда баллдық жүйе шеңберінде талаптар қарастырылған: білімі, жұмыс тәжірибесі, өтініш бергенге дейінгі уақыттағы жалақы кірісі, таңдаған саладағы жетістіктері, маманның өзі және оның отбасы үшін баспана мен тұру ақысын төлеуге жеткілікті қаражат және Ұлыбританияны өз Отаны деп санауға психологиялық дайындығы ескеріледі. Аталған елде шетелден келген интеллектуалды мамандарды жұмысқа орналастыруға бағытталған «Жаңа таланттар» бағдарламасы таланттарды тартудың бірден-бір қадамы ретінде қарастыруға болады.

Зияткерлік капиталды тартушы елдердің (АҚШ, Канада, Австралия, кейбір ЕО елдері) ұстанатын негізгі саясаты ретінде интеллектуалды миграция мәселелеріне мемлекеттік араласпау тұжырымдамасын ұстанады, яғни ресми түрде бұл процестерге кез-келген мемлекеттік араласуға тиым салып, бұл интеллектуалды адам капиталының дамуын қажет ететін салалар мәселесі болып саналады. Аталған елдерде қазіргі кездегі адам бостандықтары интеграциялық әлем деп есептеледі.

Ал, бүгінгі таңда интеллектуалды капиталдың донорлары болып саналатын елдердің жағдайына келетін болсақ, «ақыл-ой ағынынан» айтарлықтай шығындарға ұшыраған елдер Бразилия, Үндістан, Пәкістан, ТМД елдері керісінше, экономикалық, құқықтық, әкімшілік және басқа әдістерді басшылыққа ала отырып, интеллектуалды эмиграция мәселелерін белсенді мемлекеттік реттеу тұжырымдамасын қолданып, елде интеллектуалды капиталды сақтау тетіктерін іздестіруде.

Мысалы, Португалия, Ұлттық интеллектуалды технологиялық даму жоспарына сәйкес, «ақыл-ой айналымы» саясаты шеңберінде өзінің алдына үш негізгі міндетті қояды:

- ◆ жұмыс жағдайларын жақсарту мақсатында елден кеткен жоғары білікті Португалия азаматтарын қайтару;

- ◆ шетелдік жоғары білікті техника мен ғылымның жетістіктеріне үлес қоса алатын мамандарды тарту;



---

◆ қазіргі уақытта елдегі жоғары білікті мамандардың, Португалия азаматтарының да, шетелдіктердің де кетуіне жол бермеу [4, 171].

Сонымен қатар, зерттеулер көптеген жағдайларда жоғары білікті иммигранттар қабылдаушы елде олардың біліктілік деңгейіне сәйкес жұмыс таба алмайтындығын және беделі жоқ шарттармен келісуге мәжбүр болатынын көрсетеді. ЕО-дан тыс білікті мамандардың көпшілігі осындай мәселелерге тап болады. Мысалы, Латын Америкасынан, Оңтүстік-Шығыс Еуропадан және Азиядан IT-технологиялар, сәулет және инженерия саласындағы білімі мен біліктілігі жоғары мамандар аталған жағдайларға кездеседі, көбісі жұмыс таба алмайды.

Әлемдік интеллектуалды еңбек нарығында жоғары білікті жұмыс күшін дамушы елдерден дамыған елдерге ғана емес, сонымен қатар басқа елдерге жылжыту тенденциясы да бар. Бұл құбылыс үшінші әлем елдерінің жоғары білікті мамандарды тартудың мақсатты бағдарламаларын субсидиялауды бастағанынан болып табылады, осылайша жұмысшылардың осы санаттарына әлемдік еңбек нарығының сегменттерінде сұранысты жоғарылатады.

Дамыған елдерден және дамушы елдерден жоғары білікті кадрлардың қозғалысы, әдетте, трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) қызметі мен нарықтың кеңеюімен байланысты. IT саласында ірі ТҰК-тардағы (Microsoft, Apple және т.б.) мамандар қызметі географиялық және саяси шекараларға бағынбайтын кең мүмкіндіктерге ие бола бастады. Трансұлттық корпорациялардың тікелей қатысуымен IT, есептеу математикасы және кибернетика факультеттері бар әлем университеттері біртұтас әлемдік оқыту желісіне біріктірілді. Ақпараттық технологиялар және онымен байланысты салалардағы мамандар әлемдік еңбек нарығына дайындалады. Қазіргі кезде осы саланың мамандары дамыған елдерде қолданылатын уақытша білікті жұмыс күшінің ең мобильді бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, кейбір ірі компаниялардың біліктілік сертификаттары әлемдегі ең жақсы университеттердің ғылыми дәрежелері мен дипломдарынан кем емес бағаланады. Халықаралық корпорациялар мен шетелдік компаниялардан басқа қазіргі таңда интеллектуалды мигранттарды тартуға халықаралық білім беру мекемелері (университеттер) кірісе бастады. Олар «әлемнің ең жақсы және дарынды ақыл-ойы» үшін күреске белсенді түрде қосылды, білікті кадрлар үшін көші-қонның құқықтық институционалдық арналарын құрып, мемлекеттер өзара бәсекелесіп олардың елге кіруін реттеу мен бақылауды жүзеге асыруда.



Қазіргі уақытта өз елдерінен тыс жерлерде 3,5 миллионнан астам адам білім алуда. Егер 1975 жылы 600 мыңнан астам адам шетелде білім алса, ЭЫДҰ болжамы бойынша 2025 жылға қарай тұрғылықты елінен тыс білім алатын студенттер саны 7,2 млн адамға жетеді [5].

Білім беру ауқымындағы жаһандық өзгерістер жағдайында ХХІ ғасырдың басынан бастап білім беру ұтқырлығына байланысты мемлекеттердің саясаты жұмсара бастады. Шетелдік студенттерді тартудың жаңа тенденциялары қалыптаса бастады.

Біріншіден, білім беру интеллектуалды миграция субъектілері үшін визалық режимді жеңілдету, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін елдегі азаматтық рәсімдерін жеңілдету, шетелдік студенттердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін және оқу бағдарламаларын интернационалдандыруды реттейтін заңнамалық актілерді қабылдауды реттеудің әкімшілік-құқықтық шаралары реттелді. Сонымен бірге шетелдік студенттердің білім алу құнын төмендету, оқуға несие беру, ең талантты студенттерге қаржылық қолдау және т.б. қаржылық тетіктерді де жеңілдетуді қарастырып отыр.

Мысалы, АҚШ-та оқу визалары бойынша елге кіру мүмкіндігі кеңейтілуде, Қытай, Үндістан, Латын Америкасы елдерімен білім алмасу көші-қонына және Америка Құрама Штаттарына кіруге байланысты келісімдер жасалып, жолға қойыла бастады.

Еуропалық Одақ 2004 жылы дамушы елдерден келетін интеллектуалды мигранттардың келуін реттейтін директива қабылдады, ол шетелдік студенттерге виза беруді жеңілдету, олардың ЕО шеңберінде қозғалу мүмкіндігі және оқу кезеңінде жұмыспен қамтылу шарттары қарастырылған білім алу үшін мүмкіндіктер болып табылады.

Соңғы жылдары Ұлыбритания, Дания, Жапония сияқты көптеген елдерде білім беру экспортын қолдау бағдарламалары қабылданды. Атап айтсақ, Жаңа Зеландия үкіметі 2011 жылдың қыркүйегінен бастап, білім беру экспортын 2025 жылға дейін дамыту туралы мәлімдеме жасады. Мәлімдемеге сәйкес, он бес жылдың ішінде Жаңа Зеландия жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалардағы яғни, магистратура және докторантурада шетелдік студенттер санын 10-нан 20 мың адамға дейін екі есеге арттырып, шетелдегі филиалдардағы шетелдік студенттер санын 3 мыңнан 10 мың адамға дейін ұлғайтуды қарастырып, трансұлттық білім беру экспортынан жылдық кірісті 0,5 миллиард долларға дейін көтеру көзделген. Қазіргі уақытта Қытай ақыл үшін күреске белсенді түрде қатысып отырған мемлекет. Елде шетелдік жетекші ғалымдарды

---

тартуға арналған көптеген бағдарламалар, сондай-ақ шетелден оралған ғалымдарға арналған бағдарламалар жұмыс істеуде. Білім министрлігінің статистикасы бойынша, 2017 жылы Қытайдан 600 мыңға жуық студент шетелде негізінен АҚШ-та білім алған. Магистр дәрежесін немесе дамыған елдердің университеттерінде тиісті ғылыми атақ алған қытайлық студенттердің 2017 жылдың аяғында 83%-дан астамы Қытайға оралған [6, 110]. Бұл елдің интеллектуалды мигранттарының елге қайта оралу себептері олардың шетелде өздерін таныта отырып, тәжірибе жинақтаған ғалымдарының елге оралуларының бір тетігі жалақы деңгейінің жоғарылауы және материалдық-техникалық қолдау, сондай-ақ ғылыми қызметкерлерге ірі гранттар түрінде мемлекеттік қолдау көрсету болып табылады.

Шетелдік тәжірибеде білім беру көші-қонын дамытудағы тағы бір ерекшелік осы мақсатта еуропалық ірі университеттерден халықаралық консорциумдар (қауымдастықтар) құру болды. Еуропалық Одақтың Эразмус бағдарламасы 1987 жылдан бастап 30 жыл бойы жұмыс атқарып келеді. ЕО-ға мүше елдер және Исландия, Лихтенштейн, Македония, Норвегия және Түркия университеттері арасында студенттер мен оқытушылар алмасуда. Еуропалық университеттерді біріктіретін ЕО-тың жаңа Erasmus + бағдарламасы 2014-2020 жылдар аралығында жоғары білім беру, кәсіптік оқыту, жастар және спорт саласындағы ынтымақтастықты қолдауға бағытталған. Оның басты мақсаты – білім сапасын арттыру, инновацияларды қолдау, жұмыссыздықты азайту және студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығын дамыту.


### **Қазіргі Қазақстанның білім миграциясы процесі жағдайы**

Қазақстанның ақыл-ойы көптеген алдыңғы қатарлы дамыған елдерге Гонконг, Сингапур, Қытай, АҚШ, Канада, Ресей, Германия, Израиль елдеріне тарауда. Шетелден мамандарды тартудан қарағанда, өз мамандарымызды пайдалану әлдеқайда тиімді. Қайтарымызсыз интеллектуалды эмиграция салдарымен күресу қиын болып отыр, өйткені ақылға бәсекелестік бүкіл әлемде өсуде, ал Қазақстан әзірге өз білімділеріне, таланттарына ерекше ұсыныс жасамайды және ғылымның дамуына әртүрлі қолдау шаралары тым аз. Яғни, еңбекақы төлеу деңгейі, әлеуметтік пакет және дамыған елдермен салыстырғанда басқа да көптеген параметрлер бойынша мүмкіндіктер жоқ. Адами және интеллектуалды капиталды жоғалтудан болған залалды бағалау, талдауды жолға қою керек. Олай

болмаса, республиканың салалар мен өңірлерде жұмыс күшінің перспективалық қажеттілігін бағалау қиын.

Еліміздің болашағы ғылым мен білімнің дамуына тікелей ықпал ететін бүгінгі жастардың ақыл-ойы. Жоғарыда жалпы интеллектуалды мамандарды жоғалту еліміз үшін қауіпті десек, еліміздің негізін қалайтын, оны нық ұстап тұратын жастарымыздың шетелге оқуға кетіп, қайта оралмау қауіптері бар. Қазіргі өзекті мәселе жастардың еңбек, білім миграциясы үдерісіндегі маңызды мәселелерді қарастырайық.

Қазіргі таңда Қазақстанның 84,681 мың жастары шетелде білім алуға [7].



**1-сурет. Қазақстандықтардың шетелде білім алу бағыттары**

Елдегі өзекті және қызу талқыланатын тақырыптардың бірі – «ақыл-ой ағыны» мәселесі, яғни Қазақстан жастарының шетел университеттеріне оқуға кетуі. Сауалнама барысында төменде көрсетілген Қазақстан жастарының бүгінгі таңдағы оқып жатқан елдерінің басым көпшілігі қамтылды. Сауалнамаға қатысушы респонденттер он жеті елден, басым көшілігі Гонконг – 26,6%, Түркия – 18,3%, Польша – 14,1%, Оңтүстік Корея – 10,8%, Ұлы Британия - 5%, Германия – 4,1%, Словакия – 4,1%, Италия – 3,3%, Ресей Федерациясы – 2,5%, Чехия – 3,3%, Қытай Халық Республикасы – 1,6%, Испания, Араб Әмірліктері, Америка Құрама Штаттары, Нигерия, Финляндия, Бельгия мемлекеттерінде оқитын жастардың жауаптары – 0,8% пайызды құрады. Ең алдымен сұрау

---

барысында білім алушылардың білім алу гранттарының формасы туралы мәлімет маңызды болды. Өйткені көпшілігін қызықтыратын жағдай шетел университеттерінің білім гранттарын ұсынуы. Сауалнама мәліметтері көрсеткендей респонденттердің 70,8%-ы грантта, ал 29,2% ақылы білім алуда екен. Ақыл-ойды тартуда шетел оқу орындары көптеген тиімді қадамдарды жасауда. Мектеп бітірушілерді әртүрлі тегін гранттармен қызықтыруда. 1996 жылдан бастап Германия неміс тілінде оқитын мектеп оқушыларын, тіл білімі деңгейіне қарап, Германияның кез келген ЖОО-да тегін оқуға үміткерлікке қабылдайды.

Бұл ел сізді алдымен несімен қызықтырды? (Кәсіби тұрғыда) деген сауалға респонденттердің 37,5%-ы шетелдің білім беру деңгейінің жоғарылығын атап өтеді. Демек, қазіргі жастар болашақта тек сапалы білім алу арқылы ғана көздеген мақсатқа жетуге болатынын түсінеді. Сондықтан, бәсекеге қабілетті білім бере алатын шетел университеттерін іздейді. Осы сұраққа респонденттердің 15%-ы университеттің әлемдік деңгейдегі рейтингі шетелдік оқу орнын таңдауына әсер етті десе, 10% респондент шетел оқу орнын грант ұсынғаны үшін таңдағанын айтады. Сонымен бірге 6,6%-ы жастар өздерінің болашақ мамандықтарын меңгергенде ағылшын тілін білуді маңызды санайды. 6,6%-ы таңдаған мамандықтарының отанымызда жоқ екенін, оны тек шетел университеттерінен оқи алатындықтарын білдірді. Сол сияқты 6,6%-ы білім алып жатқан елдің мәдениетіне қызықса, студенттердің 4,1%-н әртүрлі шетел мүмкіндіктеріне талпынады, 3,3%-ы қаржылық формада білім алатын студенттер үшін оқу ақысының қол жетімділігін айтады. 3%-ы халықаралық диплом болашақта жұмыспен қамтылу үшін маңызды деп санайды. Шетелде білім алып жатқан жастардың әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті маман болуға талпыныстарын байқаймыз.

Қазақстандық білімді жастарды шетел үлкен мүмкіндіктермен баурағаны рас. Өйткені қабілеті жоғары дарынды жастар өз бойындағы энергиясы мен қабілетін сынайтын бәсекелес алаң іздейді. Сондықтан олар шетелде оқуды өздерінің күштері мен мүмкіндіктерін сынап көретін үлкен алаң ретінде қабылдайды.

Осы зерттеудің тағы бір маңызды сауалының бірі шетелдегі білім алушылардың болашаққа көзқарастары. Сіз болашақта өз еліңізге ораласыз ба? - деген сұраққа респонденттердің 35,8%-ы иә деп жауап берсе, 19,10%-ы келгілері келмейтінін білдірді, ал, 5%-ы әлі де ойланып жүргендерін, шешім қабылдамағандарын айтады.

«Сіз болашақта өз еліңіздің дамуына қандай үлес қосар едіңіз?» – деген сұраққа респонденттердің 83,3%-ы, яғни көпшілігі өз саласының маманы болып келетін болса, өз саласы бойынша міндетті түрде отандарының дамуына үлестерін қосатындарын айтты. Тек 5,8%-ы елге қайтып келмейтіндіктерінен үлкен үлес қосамыз деп айта алмаймыз деген жауап берді. Респонденттердің 10%-ы мемлекеттің білім беру саласын көтеру арқылы елдің жағдайын түбегейлі өзгертуге болатынын, Қазақстанның дамуының көзі білім беру саласын жетілдіру екенін айтып, өз көзқарастарын білдірді. Сонымен респонденттер пікірлерінен анықталғандай интеллектуалды миграция ағынына себеп болып отырған басты мәселелердің бірі жаһандану жағдайында жастардың өзін-өзі іздеуі, неғұрлым жоғары білім беру орындарын таңдауы болып отыр. Қазіргі интеллегенция айналымы өте қарқынды заманда өз ақыл-ойымыздан, талантты балаларымыздан айырылып қалу қаупінде тұрғанымыз рас. Демек, Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін бәсекеге қабілетті деңгейге көтеруге ұмтылуы керек.

### **Қорытынды**

Зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып, Қазақстанның интеллектуалды потенциалын дамыту контексінде және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында елдің интеллектуалды миграция процесінің бірнеше факторлары анықталып, нәтиже алынды:

**Біріншіден**, елдің ақыл-ой ағынын реттеу мақсатында әлемдік деңгейдегі интеллектуалды миграция ағынын реттеудің шетелдік тәжірибесін зерделей отырып, ұлттық дамудың болашағы үшін нақты қадамдар жасаудың қажеттілігі анықталды. Еліміздегі қазіргі таңда орын алып отырған мәселелермен күреспей жас мамандарды жұмыспен қамту мүмкін емес. Білімді маман өз қалауынша, кедергісіз лайықты жалақымен әртүрлі әлеуметтік қамқорлықпен қамтамасыз етілсе, ғылым мен білімнің дамуына мемлекет тарапынан қолдаулар көрсетіліп, мүмкіндіктер жасалса, тіпті дарынды жас мамандарды әртүрлі марапаттар мен гранттармен қызықтыру арқылы ақыл-ой ағынын тежеуге болары сөзсіз.

**Екіншіден**, шетелде білім алып жатқан отандық жастардың сауалнамаға жауаптары нәтижесі көрсеткендей жастарымыздың басым көпшілігі болашақтарын өз елдерімен байланыстырып, қолынан келгенше Қазақстанның дамуына қолдау көрсететіндіктерін білдірді. Демек, шетелден білім мен тәжірибе жинақтап елінің

---

дамуына үлес қосуға дайын жастарымызға ғылым алаңын, кәсіби даму мүмкіндік, жаңа мамандықтарды дамыту жағдайы қамтамасыз етілуі қажет.

**Үшіншіден,** Қазақстанда ақыл-ойдың жоспарлары мен тілектерін жүзеге асыру үшін жағдай жоқ емес, дегенмен, білім жүйесін жетілдіру арқылы отандық ғылымға серпіліс беріп, жас мамандардың өз отанында ғылыммен айналысып, елінің дамуына үлкен үлес қосуларына жол ашуға болады.

Сондықтан Қазақстан үшін білім саласының жан-жақты дамуы интеллектуалды миграцияның жаһандану жағдайында реттелуін қамтамасыз етуге ынталандыратын шешуші фактор болып отыр.

---

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Садовская Е. Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы / Е.Ю. Садовская. - Алматы, 2001.
2. Из Казахстана уезжают лучшие. Уезжают и будут уезжать [Электронды ресурс] // URL:[https://forbes.kz/process/expertise/iz\\_kazahstana\\_uezjayut\\_luchshie\\_uezjayut\\_i\\_budut\\_uezjat](https://forbes.kz/process/expertise/iz_kazahstana_uezjayut_luchshie_uezjayut_i_budut_uezjat) / (қаралған күні: 29.01.2021).
3. Кузнецов А.Ю., Вершинина Е.В., Попова Е.В. Проблемы современной миграции в Германии // Миграционные мосты в Евразии: модели эффективного управления миграцией в условиях развития евразийского интеграционного проекта. Материалы IX международного научно-практического Форума. Т. 1 / Под ред. С.В. Рязанцева, М.Н. Храмовой. М., 2017. – С. 199
4. Невидимость семьи в исследованиях миграции квалифицированных кадров и утечки мозгов. 14 (1), 25-44. // DIVERSITIES. 2012. Vol. 14. No. 1. P. 35
5. Цапенко И.П. Международная Студенческая Миграция [Электронды ресурс] // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/mezhdunarodnaya-studencheskaya-migratsiya> (қаралған күні: 19.01.2021).
6. Скосырев В. Китай остановил утечку мозгов за границу // Независимая газета. 2018. 7–8 сентября.
7. Глобальный поток студентов высшего образования [Электронный ресурс] // URL: <http://uis.unesco.org/en/uis-student-flow> (дата обращения: 22.01.2021).

## REFERENCES:

1. Sadovskaya E.Y. Migratsiya v Kazakhstane na rubezhe XXI veka: osnovnye tendentsii i perspektivi [Migration in Kazakhstan at the turn of the XXI century: main trends and prospects] Almaty, 2001.
2. Iz Kazakhstana uezzhayut luchshe. Uezzhayut i budut uezhat [The best professionals are leaving Kazakhstan. They are leaving and will be leaving] [electronic resource] // URL:[https://forbes.kz/process/expertise/iz\\_kazahstana\\_uezjayut\\_luchshie\\_uezjayut\\_i\\_budut\\_uezjat](https://forbes.kz/process/expertise/iz_kazahstana_uezjayut_luchshie_uezjayut_i_budut_uezjat) / (Accessed: 29.01.2021).

3. Kuznetsov A.Y., Vershinina E.V., Popova E.V. Problemy sovremennoi migratsyi v Germanii // Migratsionnye mosty v Evrazii: modeli effektivnogo upravleniya migratsyiei v uslovyakh razvitiya evraziiskogo integratsionnogo proekta [Problems of modern migration in Germany // Migration bridges in Eurasia: models of effective migration management in the context of the development of the Eurasian integration project] Data of IX international scientific -practical forum. T. 1 / Pod red. S.V. Riazantseva, M.N. Hramovoi. M., 2017. S. 199
4. Nevidimost semi v issledovaniyah migratsii kvalifitsirovnykh kadrov i utechki mozgov [Invisibility of the family in studies of skilled migration and brain drain] 14 (1), 25-44. // DIVERSITIES. 2012. Vol. 14. No. 1. P. 35
5. Tsapenko I.P. Mezhdunarodnaya studencheskaya migratsiya [International Student Migration]. [electronic resource] // URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/mezhdunarodnaya-studencheskaya-migratsiya> (Accessed: 19.01.2021).
6. Skosyrev V. Kitai ostonovil utechki Mozgov za granitsu [China has stopped the brain drain abroad] // Independent newspaper. 2018. 7–8 September.
7. Globalnyi potok studentov vysshego obrozavania [Global flow of higher education students]. [electronic resource] // URL: <http://uis.unesco.org/en/uis-student-flow> (Accessed: 22.01.2021).